| Мұғалімнің аты, тегі | Кулпеисова Сабира Избасаровна -қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі | | |
|---|---|---|---|
| **Мектеп** | «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия»КММ | | |
| **Сынып** | 10-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт | | |
| **Бөлім** | 3-бөлім.Аңызбен өрілген көркем сөз | | |
| **Бөлімше** | Мұхтар Мағауин «Шақан-Шері»романы | | |
| **Оқу мақсаты** | 10.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдайды,өзіндік ой қорытады | | |
| **Бағалау критерийлері** | -Әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтарды талдай алады;<br>- өзіндік ой қорыта алады. | | |
| **Саралау** | Қабілеті төмен | Қабілеті жоғары | ЖҚББ (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар) |
| | «Сөз бен түсіндірмесін сәйкестендіріңіз»әдісі. Шығармадағы өзі құнды деп тапқан сөздерді топтағы оқушы көмегімен табады. | «Құндылықтарды игеру спектрі» әдісі. Берілген шығармалардан ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді бірлесіп анықтайды. | «Шын,жалған ақпараттар» әдісі<br><br>Берілген ақпараттың шын-жалған екенін анықтайды.Өз ойын мұғалім көмегімен ортаға салады. |
| **Инклюзия** | Шығармадан алынған үзіндідегі ақпараттарды анықтай алады,кейбір сұрақтарға жауап береді. | | |



# ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

| Әдістің атауы | Әдістің мақсаты | Қадамдар |
|---|---|---|
| | **Сабақтың басы** | |
| **«Сөз бен түсіндірмесін сәйкестендіріңіз» әдісі** | Шығармадағы өзіне құнды деп тапқан сөздерді іздеу | • Әр оқушы қағаз қиындыларына шығармадағы өзі құнды деп тапқан дүниелерді жазады,түсіндіріп талдайды;<br>• Жазбаларын ортаға салып, топтастырады.<br>• Шығармада ерекше көрініс тапқан құндылықтарға тоқталады. |
| **«Шын/жалған ақпараттар» әдісі** https://learningapps.org/watch?v=p4uf2qzq322 | оқушылардың зейінін шоғырландыру | • Сілтеме арқылы оқушылар платформаға қосылады:<br>• Ақпараттармен танысады;<br>Тапсырма шартын түсініп орындайды;<br>• Ақпараттың дұрыс,бұрыстығын тексереді. |
| | **Сабақтың ортасы** | |
| **«Шеңбердегі әңгіме» әдісі** | Жаңа тақырыпты меңгеруге арналған тапсырма | • Сынып оқушылары шеңбер құра отырады;<br>• Романның құндылығы туралы ойларын ортаға салады;<br>• Өз ойын мысалдармен, дәлелдермен толықтырады. |
| **«Құндылықтар спектрі» әдісі** | Пікір білдіру, құндылықтарды көрсету, пікірлердің айырмашылығын талқылау, қоғамдық талқылауға қатысу. | • Берілген үзінді бойынша оқушылар «Шақан шері» романы, «Көксерек» әңгімесі, «Жан пида» романындағы құндылықтарды айқындап,топ ішінде талқылайды;<br>• Топтан бір оқушы шығып, өз тобының ұстанымын ортаға салады;<br>• Тобының жауабын сызықтың бойына орналастырады;<br>• Берілген шығармалардан үзінділерін оқи отырып, ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді кестеге түсіреді. |
| **«Ыстық орындық» әдісі** | •Сұрақтарды зерделеп, ұстанымдарды негіздеу. | • -Өз пікірін дәлелдеп береді;<br>• -Шығармаға қатысты сұрақтар қояды. |
| | **Сабақтың соңы** | |
| **Кері байланыс «Пікірлер қоржыны»** | Оқушылардың сабақтағы меңгерген білім деңгейін анықтау. | • Оқушылар сабақтағы тапсырмаларды меңгеру деңгейі мен өздерінің атқарған қызметтері бойынша рефлексия жазады;<br>• Жазған пікірлерін қоржындарға салады;<br>• Мұғалім оқушылардың рефлексиясын оқиды, комментарий жасайды. |

# Сабақтың барысы

**Мұғалім әрекеті**

**Оқушы әрекеті**

**Сабақтың басы:** Сөз бен түсіндірмесін сәйкестендіру тапсырмасын береді. Тақырыпты өзектендіреді;
-Сабақтың тақырыбын болжатады;
-Сілтеме арқылы оқушыларды платформаға қосады;
-Ақпараттың шын,жалған екенін анықтатады;
**Сабақтың ортасы**:Жаңаны меңгеру тапсырмасын беру барысында, құндылықтарды табуға қадам жасатады;
-Ғаламдық деңгейдегі мәселелерді кестеге түсіртеді;
**Сабақтың соңы**:Шығармадағы құндылықтар мен өздерінің атқарған қызметтері бойынша рефлексия жазады.

**Қабілеті төмен оқушыға** жұптық қолдау көрсету арқылы саралау тапсырмалары беріледі. **Жеке қажеттілігі бар оқушы** үлгіге қарап, мұғалім қолдауымен тірек сөздерге сүйеніп шығарма туралы өз ойын айтады. Қабілеті жоғары оқушы ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді анықтайды.

**Сабақтың басы**:Оқуға бағытталған мақсатты тұжырымдайды;
-Жекелеген оқушылар өз ойларын ортаға салады;
-Берілген ақпараттың шын-жалған екенін анықтайды;
**Сабақтың ортасы**:Шығармалардағы құндылықтарды айқындайды;
-Өзекті мәселелерді табады;
-Ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді кестеге түсіреді ;
-Өзіндік баға береді; Әр оқушы өзіне берілген тапсырманы орындайды;
**Сабақтың соңы**:Топ ортақ шешім мен қорытынды жасайды;
-Өз ойларын дәлелдер мен мысалдармен толықтырады

https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/27579/
https://learningapps.org/watch?v=p4uf2qz322

**10.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту**

**ОДД Жоғары деңгей**

**Бағалау критерийі:**

**-Әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдай алады;**

**- өзіндік ой қорыта алады**

**1-тапсырма**.Шығармадағы өзіне құнды деп тапқан сөздерді іздеу.
**2-тапсырма**.Шығармадағы шын,жалған ақпараттарды анықтап,көзқарасын дәлелдеу.

**3-тапсырма**
Әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтарды талдау, өзіндік ой қорыту.

**4-тапсырма**.

Берілген шығармалардың үзінділерін оқып, ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді анықтау.

**Үлестірмелі парақша**

**Жұлдызды таяқша**

**https://learningapps.org**

**«Шығармалардың үндестігі» кесте**



**Пікірлер қоржыны**
**Ыстық орындық**






**1-тапсырманың дескрипторы**

**2-тапсырманың дескрипторы**

**3-тапсырманың дескрипторы**

Шығарманың құндылығын анықтайды;

-Өз ойын мысал, дәлелмен толықтырады .

Құндылықтардың үндесуін талдайды;
-Өзіндік ой қорытады;
-Дәлелді ойларымен бөліседі;
-Үзіндіден мысал келтіреді;
-Өмірмен байланыстырады.

-Өз пікірін дәлелдеп береді;
-Шығармаға қатысты сұрақтар қояды.

**«Жұлдызды таяқша» әдісі**

**«Жапондық бағалау» әдісі**

**Ынталандыру арқылы бағалау**

**Қабілеті төмен**

«Сөз бен түсіндірмесін сәйкестендіріңіз» әдісі. Шығармадан үзіндіні оқып, өзекті мәселелерді кестеге түсіреді

**Қабілеті жоғары**

«Құндылықтарды игеру спектрі» әдісі.
Берілген шығармалардан ғаламдық деңгейдегі өзекті мәселелерді анықтайды.

**Жеке қажеттігі бар оқушы**

«Ыстық орындық» -әдісі
Жолбарыс туралы мәлімет айтады,өз пікірін дәлелдейді сұрақ қояды.